



"ВПЛЮСЕ" адалдық бағдарламасының "1 000 000 теңге ұтыс ойыны" Жарнамалық акциясын Қазақстан Республикасының аумағында өткізу ережелері (бұдан әрі – "Ережелер").

1-БӨЛІМ. ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. «Piala Gold», «Piala Ice Tea», «A'su», «Моё», «Gracio», «DaDa», «Нектар Солнечный», «Grizzly», «Нектар Солнечный» лимонады сауда белгілерінің "1 000 000 теңге ұтыс ойыны" Жарнамалық акциясының (бұдан әрі – Жарнамалық акция) ұйымдастырушысы «RG Brands Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек даңғ., 212Б (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.

Жарнамалық акцияға қатысу үшін «RG Brands Kazakhstan» ЖШС өндірген «Piala Gold», «Piala Ice Tea», «A'su», «Моё», «Gracio», «DaDa», «Нектар Солнечный», «Grizzly», «Нектар Солнечный» лимонады сауда белгілері бар өнімдерді сатып алу керек.

Жарнамалық акция осы Жарнамалық акцияны өткізу және оған қатысу шарттарының ережелеріне сәйкес өткізіледі.

1.2. Жарнамалық акция аясында Ұйымдастырушы осы ережелердің 2.8 және 3.1 тармақтарында көрсетілген сомалармен шектелген және ондағы мерзімдерде 1 000 000 теңгені (бұдан әрі мәтін бойынша – Жүлде) ұтысқа салады.

1.3. Жүлделерді ұтысқа салу Ұйымдастырушының өнімдерін сатуды ынталандыруға бағытталғанын назарға алып, аталған Жарнамалық акция лотерея болып табылмайды.

2-БӨЛІМ. ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ:

2.1. Келесі өнімдердің біреуін сатып алыңыз: «Piala Gold», «Piala Ice Tea», «A'su», «Моё», «Gracio», «DaDa», «Нектар Солнечный», «Grizzly», «Нектар Солнечный» лимонады (бұдан әрі – Өнім)

2.2. Қақпақтың немесе қаптаманың ішкі жағынан он әріптен (тек қана латын) және сандардан тұратын бірегей кодты (бұдан әрі – "Код") табыңыз, оны 3775 қысқа нөміріне табылған Кодпен SMS-хабарлама жіберу жолымен тіркеңіз немесе www.vpluse.me веб-сайтында немесе "ВПЛЮСЕ" ұялы қосымшасы арқылы тіркеңіз. Әр код тек қана бір рет қана тіркеле алады.

2.3. Өзінің кодын SMS-хабарлама арқылы тіркеген Ұтыс ойынының Қатысушысына жауап ретінде 3775 нөмірінен қатысушының тіркеу кодын растайтын SMS-хабарлама жіберіледі. Кодты смс арқылы тіркеудің құны Қазақстан абоненттері үшін 7 теңге тұрады. Кодтарды www.vpluse.me веб-сайтында және "ВПЛЮСЕ" қосымшасы арқылы тіркеу тегін. Жарнамалық акция қатысушыларын және Кодтарды тіркеу ақпараттық қауырт желіде жасалмайды.

2.4. www.vpluse.me сайтында тіркеу кезінде міндетті түрде толтырылатын жолдарға келесілер жатады:

- ұялы телефон нөмірі;
- аты;
- тегі;
- жынысы;
- туған күні;
- қала;
- e-mail.

2.5. 1 000 000 теңге ұтыс ойыны бойынша Жарнамалық акцияға қатысуға Қазақстан Республикасында тұратын, 18 жасқа толған барлық тұлғалар жіберіледі етіледі. Келесі тұлғалар 1 000 000 теңге ұтыс ойынының қатысушылары болып танылмайды және қатысуға құқығы жоқ:

Ұйымдастырушының өкілдері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар барлық үлестес компаниялардың, кез келген мүдделі тараптардың, Жарнамалық акция нәтижелеріне ықпал етуге қабілетті немесе оларды бұрмалауға қабілетті қызметкерлер ("RESMI компаниялар тобы" АҚ барлық компанияларының, сонымен қатар Жарнамалық акцияны өткізуге қатыстырылған үшінші тұлғалар).

2.6. Жарнамалық акцияны өткізудің жалпы мерзімі – 2018 жылғы 01 қарашадан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін (бұдан әрі – Жарнамалық акцияны өткізу мерзімі).

2.7. Жарнамалық Акцияны өткізу аумағы –Қазақстан Республикасы.

2.8. Апта сайынғы ұтыс ойындарды өткізу күндері*:

№1 кесте

Ұтысқа қатысу үшін есептелген бонустарды аудару мерзімдері	Апта сайынғы ұтыс ойындардың күндері
07.11.2018 – 09.11.2018	10.11.2018
10.11.2018 – 15.11.2018	16.11.2018
16.11.2018 – 22.11.2018	23.11.2018
23.11.2018 – 29.11.2018	30.11.2018
30.11.2018 – 06.12.2018	07.12.2018
07.12.2018 – 13.12.2018	14.12.2018
14.12.2018 – 20.12.2018	21.12.2018
21.12.2018 – 27.12.2018	28.12.2018

*Жүлделер ұтыс ойындарының кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген демалыс және мереке күндерін ескере отырып, түзетілуі мүмкін.

Назар аударыңыз! №1 кестеде сәйкесінше апта сайынғы ұтыс ойынына қатысу үшін есептелген бонустарды аудару мерзімдері көрсетілген. Мысалы, 09.11.2018 ж. дейінгі аударылған бонустар 10.11.2018 ж. күннен басқа күндері өтетін апта сайынғы ұтыс ойындарына қатыса алмайды.

2.9. 1 000 000 теңге ұтыс ойынына қатысу үшін Жарнамалық акция басталғанға дейін есептелген немесе осы ережелердің 2.8-тармағында көрсетілген мерзімде есептелген 5 бонустарыңызды аудару қажет. Ұйымдастырушы Кодтарды қабылдаудан бас тартқаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлауға құқылы, бірақ міндетті емес.

3-БӨЛІМ. ЖҮЛДЕ ҚОРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ:

3.1. Жүлде қорының жалпы мөлшері 8 000 000 теңгені құрайды, соның ішінен осы ережелердің 2.8-тармағында көрсетілген мерзімдерде апта сайын 1 000 000 теңге ұтысқа салынатын болады.

4-БӨЛІМ. ЖҮЛДЕЛЕРДІ ҰТЫСҚА САЛУ МЕХАНИКАСЫ:

4.1. Жүлделерді ұтып алған Қатысушыларды (бұдан әрі – "Жеңімпаздар") анықтау осы ережелердің 2.8-тармағында көрсетілген мерзімдерде, жеңген Кодтарды тіркелген Кодтар арасынан немесе ұтысқа қатысуға шығарылған ұпайлардың арасынан кездейсоқ таңдау жолымен анықтайтын арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы орындалады.



Әрбір миллион теңге Ұтыс ойынының өз Жеңімпазы анықталады, бұл ретте Жеңімпаз әрі қарай 1 000 000 теңге Ұтыс ойынының кейінгі Кезеңдеріне қатыса алмайды. Жеңімпаздарды анықтау құрамында кем дегенде Ұйымдастырушының бір өкілі, техникалық платформаның өкілі мен нотариустан құралған комиссияның қатысумен өткізіледі. Әр ұтыс ойынының нәтижелері бойынша Жеңімпаздарды анықтауға қатысқан комиссия мүшелері хаттамаға қол қояды. Комиссия мүшелерінің кезекті ұтыс ойын хаттамасындағы қолдары нотариуспен куәландырылады.

4.2. Кездейсоқ таңдау жолымен кез келген үш нөмір таңдалады және реті бойынша біріншісі жеңімпаз болып табылады. Егер Жарнамалық акция Ұйымдастырушысы жеңімпазды анықтау кезінен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жеңімпазбен байланыса алмаса, аталған тұлға сәйкес жүлдеге деген құқығынан айырылады, Акцияның Тапсырыс берушісі қордағы бірінші жеңімпазға жүлдені тапсыру үшін онымен байланысқа шығады. Егер Акцияның Тапсырыс берушісі жоғарыда аталған мерзімде қордағы бірінші жеңімпазбен байланыса алмаса, онда мұндай жеңімпаз сәйкес жүлдеге деген құқығынан айырылады, Ұйымдастырушы қордағы екінші жеңімпазға жүлдені тапсыру үшін онымен байланысқа шығады. Егер Ұйымдастырушы жоғарыда аталған мерзімде қордағы екінші жеңімпазбен байланыса алмаса, онда мұндай жеңімпаз сәйкес жүлдеге деген құқығынан айырылады және Ұйымдастырушы мұндай жүлденің тиісті орнын өз қарауы бойынша табады.

4.3. Ұйымдастырушы Жарнамалық акция кезінде, сондай-ақ оған дейін ұтыс ойындарының күнін өзгертуге құқылы. Қажет болғанда, 1 000 000 теңге ұтыс ойынын өткізетін комиссия сәйкес күннің жеңімпазын ауыстыру мүмкіндігі үшін әрбір ұтыс ойынына үш балама жеңімпаздың біреуін анықтау құқығын өзіне қалдырады. Алайда, Ұйымдастырушы да, Жеңімпаздарды анықтауға қатысатын қандай да бір тұлғалар да комиссиямен мұндай балама жеңімпаздар тізіміне комиссиямен енгізілген Қатысушылардың аттарын жариялауға міндетті емес.

4.4. Ұтыс ойыны жүлделерінің жалпы саны ұлғайтылуы мүмкін емес. Жүлделердің жалпы саны Жеңімпаздар арасында таратылғаннан кейін кез келген басқа Қатысушылардың жүлделерге деген талаптары қабылданбайды.

4.5. Ұйымдастырушы кодтарды автоматты түрде іріктеу арқылы бірінен кейін бірі жасалған кодты тіркеудің сәтсіз талпыныстарынан қорғау бойынша қосымша шараларды іске асырады, кодты табудың 20 (жиырма) сәтсіз әрекетінен кейін IP-адрес қара тізімге енгізіледі.

4.6. Ұйымдастырушы Жеңімпаз ретінде 18 жастан кіші кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз тұлға, немесе әрекетке қабілеті шектеулі тұлға жарияланғанын білген кезден бастап, шұғыл түрде аталған тұлға Жеңімпаздар тізімінен шығарылады және жүлдені алу құқығы балама жеңімпаздардың біреуіне берілуі мүмкін.

5-БӨЛІМ. ЖҮЛДЕЛЕР БЕРУ:

5.1. Қатысушылардың жүлделерді алу тәртібі: Жүлде банк картасына шығаруға болатын, байланыс қызметін, коммуналдық төлемдерді төлеуге болатын ВПЛЮСЕ электрондық шотына аударылады.

5.2. Ұйымдастырушы Ұтыс ойынының Қатысушылары Жарнамалық акцияға қатысу үшін жасаған қандай да бір шығындары мен қаражат жұмсаулары үшін жауапкершілік тартпайды.

5.3. Жүлделер саны шектеулі. Жүлделер Жарнамалық акцияның аяқталу күніне дейін таусылған жағдайда, Ұйымдастырушы Жүлделер беруді тоқтату құқығын өзіне қалдырады.



5.4. Жұлделер алуға үміткер болған Жарнамалық акция Қатысушылары Ұйымдастырушының Жұлделерді алу үшін ұсынған барлық қажетті құжаттарын толтырып, оларға қол қоюға міндеттенеді. Ұйымдастырушыға Жұлдені алу кезінде жеке куәлік және/немесе төлқұжат түпнұсқасын ұсынбау, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, көшірмелерін ұсынбау, Қатысушының Жұлдені алу мүмкіндігі болмауы және Қатысушының кінәсінен туындаған қандай да бір себептермен Жұлдені ала алмауы Ұйымдастырушы тарапынан Қатысушының жұлдеден бас тартуы ретінде қарастырылатын болады, ондай бас тарту үшін Ұйымдастырушы жауап бермейді. Жеңімпаз осы ережелерге сәйкес қажетті құжаттарды келісуден және / немесе ұсынудан бас тартқанда немесе оларды уақтылы жібермеген жағдайда (Ұйымдастырушы хабарлаған күннен бастап он жұмыс күннен асырмай), Ұйымдастырушы жұлде беруден бас тартуға және ағымдағы Жеңімпаздың қордағының пайдасына жазбаша бас тартуын алмай-ақ ағымдағы Жеңімпазды қордағы жеңімпазға ауыстыруға құқылы.

5.5. Жұлделер Жарнамалық акция Қатысушыларына тек осы ережелерге сәйкес беріледі. Жарнамалық акцияны өткізуге және Жұлдені алуға байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда, Ұйымдастырушының шешімі ақырғы болып табылады.

5.6. Жұлделердің жалпы саны Жұлделер ұтқан қатысушылар арасында таратылғаннан кейін қандай да бір Жұлделерге қатысты кез келген басқа қатысушылардың талаптары қабылданбайды.

5.7. Ұйымдастырушы жарнамалық мақсатта жеңімпаздардың аттарын және суреттерін, бейнежазбаларын қолдану, Жарнамалық акцияны ұзарту, Жарнамалық акция шарттарын өзгерту, Жұлделерді беру жосығын/олардың санын өзгерту және Жарнамалық акция және оны өткізу туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5.8. Қажет болса, Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Жұлделерге салынатын барлық міндетті салықтарды төлеу міндеттемесін өзіне алуға құқылы.

5.9. Жұлделерді ұтқан қатысушылар Жарнамалық акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбат беруге, соның ішінде радио және телевизия арқылы, сонымен қатар өзге бұқаралық ақпарат құралдарында немесе Ұйымдастырушыға төленетін қандай да бір сыйақысыз графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсірілімге қатысуға келіседі. Осындай сұхбаттарға және өзге материалдарға деген барлық авторлық және сабақтас құқықтар сәйкесінше шексіз мерзімге және аумақ бойынша шектеусіз Ұйымдастырушыға тиесілі болады.

5.20. Қосымша ақпаратты сол сияқты қауырт желі телефондарынан алуға болады – 3775

5.21. Өткізілетін Жарнамалық акцияның шарттары мен тәртібінде кез келген өзгерістер болған жағдайда: жарнамалық акцияны өткізу мерзімдері, берілетін жұлделер, берілетін жұлделер саны және Жарнамалық акцияны өткізудің кез келген өзге де шарттарын қоса, бірақ онымен шектелмей, өзгерген жағдайда, Ұйымдастырушы Жарнамалық акцияның өткізілу мерзімінде www.vpluse.me сайтында қосымша ақпарат жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5.22. SMS жіберу немесе сайтта тіркелу қатысушының Жарнамалық акция ережелерімен толық келісуін, Ұйымдастырушыдан ақпараттық хабарламалар алуға, соның ішінде SMS, Whats app немесе электрондық пошта арқылы алуға келісімін білдіреді, сонымен қатар Қатысушы өзінің жеке мәліметтерін беруге, Ұйымдастырушының және/немесе оның уәкілетті тұлғаларының мәліметтер қорында өңдеуге, сақтауға және қолдануға және Ұйымдастырушымен және/немесе оның уәкілетті тұлғалармен өткізілетін барлық акциялар шеңберінде әрі қарай қолдануға келісім береді. Бұндайда қатысушы 3775 қысқа нөміріне

«RG Brands Kazakhstan»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі



Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
«RG Brands Kazakhstan»

STOP сөзімен SMS жіберіп, Ұйымдастырушыдан ақпараттық хабарламалар алудан бас тарта алады.

ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, СІЗ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МӘТІНІН МҰҚИЯТ ОҚЫҒАНЫҢЫЗҒА ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ШЕКТЕУСІЗ ЖӘНЕ ӨЗГЕШЕЛІКСІЗ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫНА СӨЗСІЗ КЕЛІСКЕНІҢІЗДІ БІЛДІРЕСІЗ.

Бас директоры
RG Brands Kazakhstan ЖШС

Қалтаев Т.С.